

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2010 жылғы 13 мамырдағы № А-5/176 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 4 маусыда № 3360 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2011 жылғы 4 тамыздағы № А-7/295 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2011.08.04 № А-7/295 қаулысымен

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 наурыздағы № 259 қаулысымен бекітілген Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер мен нысаналы даму трансферттерін және республикалық ұйымдарға бөлінетін қаражатты пайдалану ережесіне, Ақмола облыстық мәслихатының 2009 жылғы 10 желтоқсандағы № 4С-19-2 «2010-2012 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы», Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3342 болып тіркелген шешіміне сәйкес, облыс әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Халықтың нысаналы топтарының ішінен жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындары ұйымдастырылсын (бұдан әрі – әлеуметтік жұмыс орындары).

2. Жұмыссыздардың келісімі бойынша, алты айға дейінгі мерзімге уақытша жұмыс орнын беру жолымен жұмыс берушілердің өкілетті органға берілген өтініштеріне сәйкес, мекемелер мен ұйымдарда әлеуметтік жұмыс орындары ұйымдастырылады.

3. Ағымдағы нысаналы трансферттерден қаржыландырылатын, әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа орналасқан жұмыссыздың еңбекақысы айына 20 (жиырма) мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

Әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа орналасқан жұмыссыздың еңбекақы шығындары, жергілікті бюджет қаражатынан және жұмыс берушімен айына ең төменгі еңбекақыдан 50% көлемінде төленеді.

4. Осы қаулы 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға тарайды.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары

А.Қ.Қайнарбековке

жүктелсін.

6. Осы қаулы Ақмола облысы әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

С.Дьяченко

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК